

**Аудан әкімдігі жанындағы «Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия» отырысының ХАТТАМАСЫ
№2**

Құлан ауылы

2026 жылғы 28 қаңтар,
сағат 15.00, аудан әкімдігінің
үлкен мәжіліс залы

Төрағалық етуші: Б.Тұрсынбек - аудан әкімінің орынбасары, комиссия төрағасы.

Комиссия хатшысы: А.Сәрсеханұлы - ауданы әкімі аппаратының бас инспекторы – комиссия хатшысы.

Қатысқандар: Аудан прокуратурасының прокуроры Д.Сарымолда, тізім бойынша (қоса тіркеледі).

Күн тәртібі:

1. Құқық бұзушылықтың алдын алу және тәуекел тобындағы (тәртібі нашар, құқық бұзушылыққа немесе қылмысқа бейімді) кәмелетке толмағандардың тізімін қалыптастырып, олармен профилактикалық жұмыстарды ұйымдастыру туралы;

2. Ерте жастан жүктіліктің, суицид фактілерінің алдын алу, суицидке ұмтылған балаларды өмірге қайта бейімдеу бағытында атқарылған жұмыстары туралы;

3. Комиссияның құзыретіне кіретін әр түрлі мәселелер.

(Б.Тұрсынбек, Д.Жанасов, Б.Самылтыров, Т.Шарипов, Г.Үкібаева)

1. Баяндамашылар мен хабарламашылардың баяндамалары мен хабарламалары, мәлімдемелері назарға алынсын.

2. Аудандық білім бөлімі басшысының міндетін атқарушы (Б.Самылтыров, келісімі бойынша, жинақтау), аудандық Полиция бөлімінің бастығы (Е.Түменбаев, келісімі бойынша), заң талаптарына сәйкес:

2.1. Сырттан келетін студент жастардың (ТИГУ, Қайнар колледжі және т.б.) жергілікті оқушыларға, жастарға қысым көрсететіні туралы аудандағы тұрғындардан түскен хабарламаларды назарға ала отырып, Полиция бөлімі тарапынан аталған жастарды анықтап, тұрақты бақылауға алып, заң шеңберінде қажетті қатаң шараларды қабылдасын

Орындалу мерзімі: 16.02.2026 жылға дейін, әрі қарай түпкілікті шешілгенге дейін тұрақты бақылау.

2.2. Полиция бөлімі тарапынан рейд жұмыстары барысында анықталған оқушылардың тізімін білім беру ұйымдарына берілуін

қамтамасыз етіп, олармен профилактикалық жұмыстардың жүргізілуін бақылауға алсын.

Орындалу мерзімі: 16.02.2026 жылға дейін, әрі қарай түпкілікті шешілгенге дейін тұрақты бақылау.

3. Аудандық білім бөлімі басшысының міндетін атқарушы (Б.Самылтыров, келісімі бойынша, жинақтау), М.Горький орта мектебінің директоры (Ө.Шымырбекова, келісім бойынша), аудандық Полиция бөлімінің бастығы (Е.Түменбаев, келісімі бойынша), заң талаптарына сәйкес:

3.1. М.Горький атындағы орта мектебінің оқушылары Б.Ж.Т мен А.Т-ның арасында (11 сыныптың оқушылары арасында) құқық бұзушылық әрекеттерінің орын алуына байланысты мектеп әкімшілігі тарапынан құқық бұзушылыққа жол бермеу мақсатында профилактикалық тұрғыда жасөспірімдерге қатысты тиісті шаралардың қабылданбағаны және сол жасөспірімдердің қайталама құқық бұзушылық әрекетінің жасауы Полиция бөлімі мен мектеп әкімшілігі тарапынан бақылаудан тыс қалғаны, шарасыздық танытқаны аталып өтілсін.

Орындалу мерзімі: тұрақты бақылау.

3.2. М.Горький атындағы орта мектебінде орын алған оқиға бойынша жасөспірімнің діни тұрғыдан радикалды көзқарасының бар-жоғын анықтау мақсатында Полиция бөлімі тарапынан тиісті тексеру және профилактикалық жұмыстар жүргізілсін.

Орындалу мерзімі: 16.02.2026 жылға дейін, әрі қарай тұрақты бақылау.

4. Аудандық білім бөлімі басшысының міндетін атқарушы (Б.Самылтыров, келісімі бойынша, жинақтау), аудандық Полиция бөлімінің бастығы (Е.Түменбаев, келісімі бойынша), Құлан тірек мектеп-гимназиясының директоры (Г.Адилова, келісім бойынша), №1 мектеп-лицейінің директоры (А.Қыдырова, келісім бойынша), Ш.Уалиханов атындағы шағын орталықты орта мектебінің директоры (С.Рахымбекова, келісім бойынша), №6 мектеп-гимназиясының директоры (М.Мейманханов), Ю.Гагарин атындағы негізгі мектебінің директоры (Қ.Түменбаев, келісім бойынша), заң талаптарына сәйкес:

4.1. А.ж. 24 қаңтарында Құлан ауылы, Жібек жолы көшесіндегі “Фортуна” дүкені маңында орын алған төбелеске қатысы бар кәмелетке толмағандардың әрқайсысының мінездемесі жасалып, отбасылық жағдайы мен тәрбиелік ортасы зерделенсін.

Орындалу мерзімі: 05.02.2026 жылға дейін, әрі қарай түпкілікті шешілгенге дейін тұрақты бақылау.

4.2. А.ж. 25 қаңтар күні Құлан тірек мектеп-гимназиясы оқушыларының қатысуымен Жақсылық ауылында жасөспірімдер арасында орын алған төбелес фактісі бойынша қатаң бақылауға алып, полиция бөлімі

тарапынан орын алған оқиғаның нақты себептері жан-жақты зерделеніп, жасөспірімдер мен олардың ата-аналарының заң аясында жауапкершілігін қарасын.

Орындалу мерзімі: 05.02.2026 жылға дейін, әрі қарай түпкілікті шешілгенге дейін тұрақты бақылау.

4.3. Құлан тірек мектеп-гимназиясының, №1 мектеп-лицейі, Ш.Уәлиханов атындағы орта мектебі, №6 мектеп-гимназиясы, Ю.Гагарин атындағы негізгі мектебінің тәрбие бағытындағы жұмыстарының әлсіздігі, кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған шаралардың нәтижесіздігі аталып өтілсін. Алдағы уақытта кемшіліктерге жол берілген жағдайда тиісті басшылар мен жауапты қызметкерлерінің жауапкершілігі қаралатындығы ескертілсін.

Орындау мерзімі: тұрақты бақылау.

4.4. Ақыртөбе орта мектебінің тәжірибені негізге ала отырып, Полиция бөлімі арнайы жедел топ құрып, Құлан мектеп-гимназиясының, №6 мектеп-гимназиясы, №1 мектеп-лицейі, Ш.Уәлиханов, атындағы орта мектебі, Ю.Гагарин атындағы негізгі мектептердегі жасөспірімдермен профилактикалық жұмыстарды нәтижелі атқарып, бақылауды күшейтсін

Орындау мерзімі: 16.02.2026 жылға дейін, әрі қарай тұрақты бақылау.

4.5. Мектеп әкімшілігі тәртібі нашар, құқық бұзушылыққа бейім, ерекше бақылауды қажет ететін оқушылардың тізімін анықтап, Полиция бөліміне ұсынысын.

Орындау мерзімі: 09.02.2026 жылға дейін, әрі қарай тұрақты бақылау.

4.6. Білім бөлімі тарапынан түнгі рейдтік жұмыстар бойынша кезекшілік кестесін жасасын. Мектеп әкімшілігі және Полиция бөлімі тарапынан оқушылар көп шоғырлануы мүмкін қауіпті аймақтардың тізімін қалыптастырсын. Аудандық прокуратураға және комиссия хатшылығына ресми түрде ақпарат берсін.

Орындау мерзімі: 09.02.2026 жылға дейін, әрі қарай тұрақты бақылау.

4.7. Жасөспірімдердің ауданның криминогендік ахуалына теріс ықпалын тигізуіне, құқық бұзушылықтардың орын алуына тікелей әсер етуі мүмкін сыртқы факторлардың, атап айтқанда оқуын аяқтап кеткен жастардың, бейресми көшбасшылардың және өзге де азаматтардың ықпалы болуы мүмкін екендігі байланысты білім беру ұйымдары оқу бітіріп кеткен құқық бұзушылыққа бейім жасөспірімдердің тізімін жасап, полиция бөліміне ұсынсын. Полиция бөлімі өз кезегінде аталған жастармен профилактикалық шараларды ұйымдастырсын.

Орындау мерзімі: 13.02.2026 жылға дейін, әрі қарай тұрақты бақылау.

4.8. Орын алған оқиғаларды назарға алып, алдағы уақытта атқарылатын іс-қимылдарды айқындап, тиісті органдармен байланыс

орнатып, психологтар, ювеналды полиция инспекторларымен, прокуратурамен тағыда басқа мүдделі органдармен келісе отырып, жоспарға сәйкес жұмыстар уақтылы, сапалы, нәтижелі іске асырылсын.

Орындалу мерзімі: 09.02.2026 жылға дейін, әрі қарай түпкілікті шешілгенге дейін тұрақты бақылау.

4.9. Мектеп әкімшілігі ата-аналар жиналысын ұйымдастырып, оқушылардың дене жарақатын алмауын қамтамасыз ету мақсатында бақылау, тексеру және қарау жұмыстарын жүргізу туралы ата-аналарды алдын ала ескертіп, келісімін ала отырып тиісті жұмыстарды ұйымдастырсын. Сонымен қатар оқушылардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіруі мүмкін заттардың (қару, пышақ және т.б.) әкелінуіне жол бермеу үшін тексеру жұмыстарын ұйымдастыру мәселесін заң шеңберінде қарастырсын.

Орындалу мерзімі: 16.02.2026 жылға дейін, әрі қарай тұрақты бақылау.

4.10. Полиция бөлімі тарапынан жасөспірімдермен жұмыс жүргізу алгоритмін түсіндіру мақсатында орталыққа жақын орналасқан мектептердің тәрбие ісі және құқық жөніндегі орынбасарларын жинақтап, оқыту жұмыстарын ұйымдастырсын.

Орындалу мерзімі: 16.02.2026 жылға дейін, әрі қарай тұрақты бақылау.

5. Аудандық білім бөлімі басшысының міндетін атқарушы (Б.Самылтыров, келісімі бойынша, жинақтау), барлық білім беру ұйымдарының басшылары, заң талаптарына сәйкес:

5.1. Мектепке қабылданып жатқан оқушылардың әлеуметтік төлқұжатын, психологиялық мінездемесін, отбасы туралы алдын ала деректер базасымен танысып, зерттеп, тексеріп қабылдасын. Мектеп психологтары жаңадан қабылданған оқушыларды бақылауға алып, тиісті жұмыстарды атқарсын. Бұрын оқыған мектебінің әкімшілігі тарапынан оқушының шынайы мінездемесінің тиісті нақты ақпараттарымен бірге ұсынылып отыруын қамтамасыз етсін.

Орындау мерзімі: тұрақты бақылау.

5.2. Мектеп оқушылары арасында әлімжеттік, бопсалау, буллинг, ақша жинау, заңсыз балалардың еңбек күшін пайдалану фактілерінің алдын алу мақсатында оқушылар арасында сауалнамалар алып, талдау жасасын. Тәуекелдер анықталған жағдайда дереу алдын алу шараларын қабылдасын.

Орындау мерзімі: 16.02.2026 жылға дейін, әрі қарай тұрақты бақылау.

6. Аудандық білім бөлімі басшысының міндетін атқарушы (Б.Самылтыров, келісімі бойынша, жинақтау), Құлан агротехникалық жоғары колледжінің директоры (Т.Шарипов, келісімі бойынша), аудандық Полиция бөлімінің бастығы (Е.Түменбаев, келісімі бойынша), барлық білім беру ұйымдары

(келісімдері бойынша), Жастар ресурстық орталығының директоры (Е.Қуандық), ауылдық округ әкімдері, заң талаптарына сәйкес:

6.1. Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында заңды өкілдерінсіз түнгі уақытта (сағат 22-ден таңғы 6-ға дейін) ойын-сауық орындарында, көшеде болмауын қадағалау мақсатында білім беру ұйымдарының ата-аналар комитеттері, қамқоршылық, қорғаншылық кеңестері, әкелер, аналар мектептері өкілдерін қамтып тұрақты түрде рейдтік шаралар ұйымдастырсын.

Орындалу мерзімі: тұрақты бақылау.

6.2. Білім бөлімі тарапынан мектеп әкімшілігі қызметкерлерінің түнгі рейд жұмыстарына шығуына байланысты қосымша қаражат төлеу мәселесі бойынша заң аясында мүмкіндігін қарастырсын. Қажет болған жағдайда білім басқармасына хат жолдасын.

Орындалу мерзімі: 09.02.2026 жылға дейін, әрі қарай тұрақты бақылау.

6.3. Кәмелет жасына толмаған жасөспірімдер бақылаусыз, қадағалаусыз қалдыру, Полиция бөлімінің, мектеп әкімшілігінің шақыртуларын ескерусіз қалдыру, заңды өкілдері ата-аналық міндеттерін дұрыс атқармаған жағдайда мектеп әкімшілігі мен білім бөлімі тарапынан ата-аналардың жұмыс орнына арнайы хат жолдау мәселесін қарасын.

Орындалу мерзімі: тұрақты бақылау.

6.4. Білім беру ұйымдары ата-аналар жиналысына оқушылардың заңды өкілдерін шақыру барысында мектеп әкімшілігі мен заңды өкілі арасында қатынасты құжат жүзінде заң шеңберінде рәсімдей отырып (хабарлама беру немесе т.б.) қатысуын қамтамасыз етіп отырсын. Ата-аналар жиналысына қатыспайтын, білім беру ұйымымен кері байланысқа шықпайтын ата-аналарды анықтап, Полиция бөлімімен бірлесе заң шеңберінде тиісті шараларды қабылдасын

Орындау мерзімі: тұрақты бақылау, жыл сайын.

6.5. Колледж және білім бөлімі тарапынан құқық бұзушылыққа бейім жасөспірімдерді анықтап, заңды өкілдерінің келісімін алып, құқық бұзушылық әрекеттердің алдын алу бағытында Тараз қаласында орналасқан «Балалар мен жасөспірімдерге арналған арнайы мектептің» және түзету мекемесінің жұмысымен таныстыру бойынша шараны ұйымдастырсын.

Орындау мерзімі: 16.02.2026 жылға дейін.

6.6. Құлан агротехникалық жоғары колледжіне оқуға қабылданатын студенттердің әлеуметтік картасын жасақтау барысында бұрын оқыған мектебінің әкімшілігі тарапынан колледж әкімшілігіне оқушының шынайы мінездемесінің тиісті нақты ақпараттарымен бірге (жалпы әлеуметтік карта) ұсынылып отыруын қамтамасыз етсін.

Орындау мерзімі: тұрақты бақылау, жыл сайын.

7. Аудандық білім бөлімі басшысының міндетін атқарушы (Б.Самылтыров, келісімі бойынша, жинақтау), Ақтоған орта мектебінің директоры (С.Айтбаев, келісімі бойынша), заң талаптарына сәйкес:

7.1. Аудан әкімдігі жанындағы кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия 2025 жылғы 18 желтоқсандағы №23 хаттамасына сәйкес және Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары жөніндегі уәкіл Д.Закиеваның 23 қыркүйек – 3 қазан аралығын өңірге жүргізілген зерделеу жұмыстарының анықтамасында көрсетілген Ақтоған орта мектебіндегі педагог-психолог маманының лауазымдық орны бос болуына байланысты шұғыл түрде маманмен қамтамасыз ету бойынша мектеп әкімшілігі мен білім бөліміне берілген тапсырма уақтылы орындалмауына байланысты мектеп әкімшілігінің заңнамалар шеңберінде тәртіптік жауапкершілігі қаралсын.

Орындау мерзімі: 16.02.2026 жылға дейін, әрі қарай тұрақты бақылау.

8. Аудан әкімдігі жанындағы кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия хатшысы (А.Сәрсеханұлы), заң талаптарына сәйкес:

8.1. Аудан әкімдігі жанындағы кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия мүшелерінен арнайы топ құрып, жасөспірімдермен профилактикалық жұмыстарды жүргізуді ұйымдастырсын.

Орындау мерзімі: 06.02.2026 жылға дейін, әрі қарай тұрақты бақылау.


9. Осы хаттаманың орындалуын бақылау «Аудан әкімдігі жанындағы кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия» хатшысы А.Сәрсеханұлына жүктелсін.

Комиссия төрағасы



Б.Тұрсынбек

Комиссия хатшысы



А.Сәрсеханұлы